

## **"ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының жекелеген мәселелері**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 27 мамыр N 662

Активтерді пайдалануға дайындауға, КҚЖК-нің жобасы бойынша құрылыс жұмыстарын орындауға байланысты шығындарды бақылауды тиімді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Каспий Құбыр желісі консорциумындағы үлесін иелік ету және пайдалану құқығында "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамына беруді қамтамасыз етсін.

2. "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы"

жабық акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Каспий Құбыр желісі консорциумы - КҚЖК-Р және КҚЖК-К-дағы уәкілетті өкілі болып белгіленсін.

3. "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" акционерлік қоғамы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 наурыздағы N 410

P990410\_

қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

"Каспий Құбыр желісі консорциумы"

АҚ Қазақстан Республикасы

Үкіметінің үлесі КҚЖК акциясының 19 жалпы санынан 19"

деген жол алынып тасталсын.

4. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3378 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 сәуірдегі N 514 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.  
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК